

Ұрпаққа ұлгі Ұлы Ерлік

№18 (20 935)
7 мамыр,
2026 жыл, бейсенбі



Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

- Instagram: Atyrau.gazeti
- Email: atyrau_gazeti@mail.ru
- Facebook: Атырау газеті
- Website: www.atr.kz
- Telegram: «Атырау» газеті
- YouTube: atyrau_gazeti
- News: Atyrau_news
- Атырау жаңалықтары

Қазақстан Республикасы Президентінің
ЖАРЛЫҒЫ
К.М.Мәденовке
«Халық қаһарманы» атағын беру
туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі мен батылдығы үшін Ұлы Отан соғысына қатысушы Кенжебай Мәденұлы Мәденовке (марқұм) «Халық қаһарманы» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз бен «Отан» ордені тапсырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті **Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 5 мамыр
№1265

Батыр елі үшін туады



Сурет akorda.kz сайтынан алынды

Толығырақ 2-бетте

*ЖЕҢІС-81

БЕРЛИН ТӨБЕСІНДЕГІ



алғашқы
Жеңіс туы

Толығырақ 5-бетте

**Отан қорғаушы және Жеңіс күні қарсаңында*



Суретті түсірген Ержан АТТЫҒАЛЫЕВ

*МЕРЕЙ

Әуенмен өрілген өмір

АТЫРАУДЫҢ РУХАНИ КЕҢІСТІГІН ӘСЕМ ӘУЕН МЕН КӨРКЕМ СӨЗ ТЕРБЕГЕН ТАҒЫЛЫМДЫ КЕШ ӨТТІ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК ЕРІ, ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ ЕЛДЕРІНІҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ, КОМПОЗИТОР, ЖАЗУШЫ, ӨНЕР ЗЕРТТЕУШІСІ ИЛЬЯ ЖАҚАНОВТЫҢ 90 ЖАС МЕРЕЙТӨЙІНА АРНАЛҒАН ӨНЕР ШЕБЕРЛЕРІНІҢ КОНЦЕРТІ КӨРЕРМЕНГЕ ЕРЕКШЕ ӘСЕР СЫЙЛАДЫ.

Өнер саңлағының шығармашылық кешіне жиналғандардың қарасы мол болды. Залда ине шаншыр орын жоқ. Дені жастар екені байқалады. Қазақтың бай әдеби-мәдени мұрасы бүгінгі ұрпақтың зердесінде шегеленіп, санасында нақтыланып, олардың нағыз отансүйгіш патриот, ұлтжанды азамат болып қалыптасуына ықпал етіп отырғандығын көріп, көңіл марқайды. Расында кеш тұтас қазақ руханиятының салтанаты іспетті өтті. Кеш шымылдығы Құрманғазының күй өнеріндегі шоктығы биік «Сарыарқа» шығармасымен түрілді. Қаршыға Ахмедияров атындағы «Нарын» халық аспаптар оркестрі орындаған бұл туынды көрермен көңілін бірден асқақ рухқа бөлеп, кештің шырайын ашты. Дирижер Ержан Қитаровтың шебер басқаруымен орындалған күй ұлттық өнердің өміршеңдігін тағы бір мәрте айшықтады.

Соңы 4-бетте

Құрметті Атырау облысының тұрғындары мен қонақтары!

«Теңішевройл» ЖШС ұжымы атынан Сіздерді Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл мереке – ерлік пен абыройдың, елге адал қызмет етудің символы. Біз Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, тәуелсіздігін қорғап, тұрғындардың бейбіт өмірін сақтауға үлес қосып жүрген барша азаматтарға зор ризашылығымызды білдіреміз.

«Теңішевройл» ЖШС басшылығы мен ұжымы Қазақстанның дамуы мен тұрақтылығына қосып жүрген үлестеріңіз үшін алғысымызды білдіреміз. Аймақтың бірлесе дамуына мүмкіндік беретін бейбітшілік, келісім мен тұрақтылықты біз жоғары бағалаймыз.

Сіздерге мықты денсаулық, бақ-береке және ашық аспан тілейміз.

Әр шаңырақта тыныштық, береке мен амандық орнасын!

Билли Лакоби,
«Теңішевройл» ЖШС
бас директоры

Қуанышкерей Мұхтаров,
«Теңішевройл» ЖШС
бас директорының орынбасары



